

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейніше, болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларындаған сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп, бүгінге жеткен мұралар тіліндеге халықтық, ұлттық мәдени рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр.

Оз халқының әдет-салтын, мінездайлықтарын, салт-дәстүрлерін дәріптеуде, эстетикалық талғамын арттыруда және психологиясын байытуда зерттеу нәтижелерінің есері мен өлеуметтік маңызы айрықша.

Ұлттық бірегейліктің түп-тамыры отбасындағы ұлттық дәстүрде жатыр. Қазақ халқының ұлттық дәстүрінің құндылығы оның тарихи қызметінде, ел мұддесіне негізделген ортақ ұстаным мен ортақ мақсатта. Қазақ қоғамында дәстүр – біріктіруші, жалғастыруши, бірегейлікті сақтап, қорғап отыратын дүние. Ол отбасындағы бірліктен бастап, ұлттық бірегейлікті негіздеуден құралған. Отбасындағы тәрбие дәстүрге бағынса, ұлттық дәстүр реттеуші, сақтап отыру, қалыптастыру, жалғастыру қызметіне ие. Ұлттық дәстүрін терістеп, құндылығын төрөннен үғына білмеген, дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоятын үрпақ ескен ортасынан іштей де, сырттай да оқшауланды. Дәстүрден іштей алшақтауда адамның қоғамынан, мемлекетінен іштей өтілгену, жаттануы бар.

Жастардың ұлттық қасиеттері мейманостық, кіслік, сый-

ҰЛТТЫҚ КОД – РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ

ласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерлаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. арқылы ерекшеленеді. Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып, қалыптасадан.

Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күш болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Қазақтың ұлттық коды дег қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындастырып білгілерді атасақ қатепеспейміз. Тарихи тамыры төрөнде жатқан, ұлттымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері – қазақтың ұлттық болмысының сырын түсінуге апаратын, тиісінше қастерлеп, сақтауға жататын құпия кілт.

Рухани кодымыздың басты тіні, ұлттың күплі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиган езегі, тіл болып табыла-



тыны қупия емес. Міне, сол қасиетті ана тіліміздің қуаты бүгінде әлі де аландатады. Тұрасын айтқанда, мемлекеттік мәртебесіне қарамастан, қазақ тілінің қолданыс аясын тиісті дәрежеде кеңейте алмау, оны өзге тілдермен қойыртпақтап, бұзу, дұрыс сөйлемеу, тілті мұлдем үміту өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздың жүйесін сақтай алмауға әкеліп соғатыны анық.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып, қалыптасадан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Рухани кодымыздың басты ерекшелігіне мысал ретінде туыстардың қан тазалығы мақсатында жеті атаға толмай түрліп үйленбеуін көлтірсек те болады. Бұл – халқымыз дөні сау үрпақ қалдыру үшін ерекше мән берген қасиетті құндылық.

Жеті атаға толған жағдайда екі жас үйлену үшін үлкен ауыл ақсақалдарын жинап, ақ түйенің қарының жарып, ақ бата алып барып қана рұқсат алатын болған. Басқа үлтта мұндай жеті атаны сақтау салты жок.

Рухани кодымыздың тағы ерекшелігі – біз сөз, тіл құдретіне бас иетін халықтыз. Кез келген даулы мәселені «Тоқсан ауыз сезіндін тобықтай түйінімен» жеткізе білген, ешкімнің ар-намысана тимей, тілті жаугершілік заманда да сөзі өткір, тіл шешен елші, дипломаттар екі ел арасын татауластыру мақсатында ымыраға баратын болған. Оз сезімін ғашығына білдіру үшін өлең жолдарын арнау, табиғатты, туған жерді, Отанды сую халқымыздың сөз қадірін түсінетін халық екендігіне айқын дәлел.

Сондықтан қазақтың қазақ екенін, өзге ұлттан ерекшелігін болашақта сақтау үшін ұлттық байлықтызды игеру, ұлттық санамызды дамыту керек. Ұлттық құндылықтарды ірітеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұрасымен, рухани байлығымен болашақта ел билейтін үрпақтарды сусындарып, отбасында да, мектепте де үлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашибындағы қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару басты мақсат болуы керек.

**Л.РСЫМБЕТОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ,
«Тарих және педагогика»
факультетінің
ага оқытушысы, т.ғ.к.,
Э.МЫРЗАҚҰЛОВА,
окытушы.**